

**А. Жеңісқызы, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бааам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: А. А. Жүкібаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының бастығының орынбасары**

## **СЕЗІКТІ РЕТІНДЕ ҰСТАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сезікті: қылмыс жасады деп күмән келтіргендігін хабарлап, соған байланысты ҚР ҚДЖК белгіленген негіздерді және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған адам; ұстау жүзеге асырылған адам; айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адам (ҚР ҚДЖК 68-б.).

Қылмыс жасады деп сезік келтірген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау үшін және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында, алдын ала тергеу орындарының (анықтау органының, тергеушінің), прокурордың қолданатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы. Сот санкциясыз 72 сағаттан артық ұстауға болмайды деп ҚР Конституциясының 16-бабының 2-тармағында да айтылған. Міне, осы Конституциялық ережеден сезікті ретінде тұлғаны ұстаудың анықтамасы шығады: яғни, бұл қылмыстық процесс тапсырмаларын шешу үшін адамды және азаматты қысқы уақытқа бас бостандығынан айыру. Әртүрлі келісімдер мен санкцияларды алу жолымен тұлғаны ұстау берілген іс жүргізу әрекеттерінің тағайындалуына жауап бермейді. ҚР ҚДЖК 200-бабына сәйкес, сезіктіні ұстау кейінге қалдырылмайтын тергеулік әрекет болып табылады және ереже сияқты тергеудің бірінші сатысында айыпталушы сұлбасы пайда болғанағ дейін және қылмыстық іс қозғалғаннан кейін-ақ орын алады.

ҚР ҚДЖК 132-бабының нормалары сезікті ретінде ұстаудың 5 негізін реттейді. Сезіктіні ұстаудың ең баста негізі немесе шарты бұл қылмыстың санатына қарамай ( ҚР ҚК 10-бабы «Қылмыс санаттары») қылмыс тұлғасымен жасалуы, егер сол қылмыс үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделсе. Мұнда тіпті бас бостандығынан айыру мерзімі де маңызды емес. Осыған байланысты кез-келген ұстаудың алдында нақты қылмысты жасау көзделген Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімі нормаларының санкциясын қайталап оқып, соған сәйкес әрекет ету қажет (ұстау немесе ұстамау). Бірақ бұл маңызды сұрақтың өте қарапайым шешімі болушы еді (яғни, біз адам мен азаматтың бостандығын шектеп отырмыз ғой). ҚР ҚДЖК 132-б. 2-б. осыған байланысты сезіктіні ұстаудың заңдылығын және негізділігін қамтамасыз етудің қосымша негіздерін орнатады. Осыдан барлық қалған төрт негіздер әрқайсысы жеке немесе жиынтығы бойынша қолданыла алады, бірақ жоғарыда аталған шарттарға сәйкес.

ҚР ҚДЖК 132-б. 2-б. 1-т. ұстаудың екі жағдайын қарастырады. Мысалы, бір адам қылмысты тікелей жасау үстінде ұсталды, айталық, кісі өлтіру немесе қандай болмасын

қылмысты жасауға дайындығы үстінде ұсталды. Екінші жағдай, тұлға қылмысты жасаған соң іле-шала ұсталады, мысалы, тонаудан кейін іздестіру іс-шаралары кезінде.

ҚР ҚДЖК 132-б. 2-б. 2-т. мына жағдайды байқаймыз, яғни, куәлар, анығырақ қылмыс субъектісін көргендер, соның ішінде жәбірленуші, тергеу кезінде сезіктіні атайды немесе бұл сезіктіні тану үшін көрсеткен уақытта болады. Берілген негіз шегінде дербес жағдай сияқты, қылмысты көзінше жасаған сезіктіні кез-келген азаматпен ұстау деп қарастырамыз, жәбірленушіге жәрдем көрсету немесе өз бастамасы бойынша оны іздеу туралы ресми хабарлауы бойынша.

Жоғарыдағы аталған жағдайларды ескере келе, баяндама жазуымызға сезіктіні ұстаудың негіздеріндегі «тікелей» деген ұғымдар себеп болды. Бұл ұғымды түсінудің бірнеше нұсқасы бар. «Тікелей» деп, осы сөздің мәнінен шыға отырып, бұлай қылмыс жасаған адамды қолма-қол ұстағанды түсінуге болады. Ал қолма-қол сөзі 1 сағат, 2 сағат немесе бір күннен кейінгі ұстауға саяды немесе қылмыс аяқталғаннан кейін үстінен түсіп, сол жерде адамды ұстау.

Осы уақытқа дейін «тікелей» сөзі өзінің нақты ұғымын таба алмай келеді. Ғалымдар арасында да талқыға салынбады.

Негізінде, бұл сөзді талқыға салсақ, оны түсінудің екі жолын қарастырамыз:

- қылмыс жасаған жерде ол адамды ұстау;
- қылмыс аяқталғаннан кейін біраз уақыт ( бір сағат, бір тәулік, т. б.) өткеннен кейін ұстау.

Біздің көзқарасымыз бойынша «тікелей» сөзінің дұрыс түсінілуіне екінші болжам сай келеді. Себебі, 132-баптың 2-бөлігінің 1-тармағында ол адам (сезікті) қылмыс жасау кезінде ұстау сөзі «тікелей» сөзіне таяу тұрады.